

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағында тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда Вице Министрі М. Әбілқасымова баяндамасы

### Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2012 жылға арналған жоспарына сәйкес Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағында тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Кеден одағын құрудың негізгі мақсаты бірыңғай кеден аумағын құру және үшінші елдерге қатысты Кеден одағына мүше мемлекеттердің бірыңғай шараларды, оның ішінде сыртқы сауда қызметін реттеудің тарифтік емес реттеуді қолдануы болып табылады.

Кеден одағының қызмет етуі шеңберінде тарифтік емес реттеу шаралары бірыңғай болып табылады және Еуразиялық экономикалық комиссиясының шешімдері негізінде бірыңғай кеден аумағында қолданылады.

**Анықтама:** *Тарифтік емес реттеу шаралары - экономикалық сипаттағы сандық және өзге де тыйымдар мен шектеулерді енгізу жолымен жүзеге асырылатын тауарлардың сыртқы саудасын реттеу шараларының кешені. Бірыңғай кеден аумағында үшінші елдермен саудада мынандай тарифтік емес реттеу шаралары қолданылады:*

- *сандық шектеулер;*
- *тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық;*
- *тауарлардың сыртқы саудасы саласындағы лицензиялау;*
- *тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортын және (немесе) импортын қадағалау.*

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың (Кеден одағының жоғарғы органы) Мемлекетаралық Кеңесінің 2009 жылғы 27 қарашадағы № 19 шешіміне сәйкес 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап мыналар қолданысқа енгізілді:

- Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеудің бірыңғай шаралары туралы келісім (Мәскеу қ. 2008 ж. 25 қаңтарда);
- Үшінші елдерге қатысты бірыңғай кедендік аумақта тауарлармен жасалатын сыртқы сауданы қозғайтын шараларды енгізу және қолдану тәртібі туралы келісім (Мәскеу қ. 2009 жылғы 9 маусымда);
- Тауарлардың сыртқы сауда саласындағы лицензиялау ережесі туралы келісім (Мәскеу қ., 2009 жылғы 9 маусымда);
- ЕурАзЭҚ шеңберінде үшінші елдермен саудада әкелуге немесе әкетуге кеден одағына мүше мемлекеттермен тыйымдар мен шектеулер қолданатын тауарлардың Бірыңғай тізбесі;
- Шектеулерді қолдану ережелері.

Кеден одағының тарифтік емес реттеу саласындағы нормативтік құқықтық базасы үшінші елдерге қатысты сыртқы сауда саясатын реттеудің тарифтік емес шараларын қолданудың бірыңғай қағидасын орнатады.

Осыған байланысты ұлттық заңнаманы қолданыстағы халықаралық келісімдердің нормаларына сәйкестендіру сауда саласындағы мемлекет саясаттың басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Заң жобасының басты мақсаты:

- Ұлттық заңнаманы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыратын қол қойылған халықаралық келісімдерге сәйкестендіру;
- Кеден одағының жұмыс істеу үшін міндетті шарты болып табылатын бірыңғай сауда саясатын қалыптастыру Кеден одағын қалыптастыру шеңберінде қабылданған міндеттемелер орындау;
- тарифтік емес реттеу саласында нормативтік құқықтық базаны құру болып табылады.

Қарауға ұсынылып отырған Заң жобасы Қазақстан Республикасының 9 ұлттық заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, соның ішінде 9-на өзгерістер, 5-не толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы бірнеше заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді, атап айтқанда:

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасына озон қабатын бұзатын заттар мен қауіпті қалдықтарды әкелуді және әкетуді регламенттеуді белгілеу бөлігінде;

2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, алуы үшін айқындалған мөлшерде мемлекеттік баж салынатын рұқсат беру құжатының атауын өзгерту бөлігінде;

3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, дәрілік заттарды, адамның органдары (органдар бөлігі) мен (немесе) тіндерін, қанын және оның компоненттерін әкелуді немесе әкетуді регламенттеуін нормаларын өзгерту бөлігінде;

4. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, уәкілетті органның рұқсаттарды беруін регламенттейтін нормаларға өзгерістер енгізу бөлігінде;

5. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, есірткі құралдары, психотропты заттар мен олардың прекурсорларын әкелуді және әкетуді регламенттейтін нормаларды өзгерту бөлігінде;

6. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары ретінде айналымға тыйым салуды регламенттейтін нормаларды өзгерту бөлігінде;

7. «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, радиоэлектронды құралдар және жоғары жиілікті құрылғыларды әкелуді және әкетуді регламенттейтін нормаларды өзгерту бөлігінде;

8. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенциядан туындайтын жануарлар түрлерін әкелуді және әкетуді регламенттейтін нормаларды өзгерту бөлігінде;

9. «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, экспорттық бақылауға жататын өнімнің импортына немесе экспортына лицензия алу үшін басқа мерзімдер белгілеу бөлігінде.

Қазіргі уақытта тауарлады әкелуді, әкетуді лицензиялау Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік органдары жүзеге асырады:

1. **ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі**, адамның ағзалары мен тіндерін, қаны мен оның компоненттерін, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, олардың прекурсорларын, озонды бұзатын заттарды және құрамында олардың

өнімдері бар заттардан басқа барлық тауарлардың барлық түріне лицензия береді;

2. **ҚР Денсаулық сақтау министрлігі**, адамның ағзалары мен тіндерін, қаны мен оның компоненттерін әкелуге, әкетуге лицензия береді;

3. **ҚР Ішкі істер министрлігі**, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, олардың прекурсорларын әкелуге, әкетуге лицензия береді;

4. **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі**, озонды бұзатын заттарды және құрамында олардың өнімдері бар заттарды әкелуге, әкетуге лицензия береді.

Әлеуметтік-экономикалық салдары оң болады деп күтілуде. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Кеден одағындағы тарифтік емес реттеу шараларын қолдану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы сыртқы сауда саласындағы қызметті реттейтін тиісті нормативтік құқықтық базаны құруға, бірыңғай мемлекеттік саясатты қамтамасыз етуге және кеден аумағы арқылы тауарларды тасымалдауға қатысты халықаралық құжаттармен белгіленген тәртіпті қолдануға бағытталған.

Бұдан басқа, Заң жобасы мемлекеттік бюджет үшін шығындарға әкеп соқпайды, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарына әсер етпейді.

Заң жобасын қабылдау сауда саясаты саласындағы, атап айтқанда Кеден одағының халықаралық келісімдеріне сәйкес тарифтік емес реттеуді қолдану саласындағы мәселелерді заңнамалық реттеуге мүмкіндік береді, Кеден одағы шеңберінде қабылданған міндеттемелерді орындауға және тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолдану бөлігінде үшінші елдерге қатысты бірыңғай сыртқы сауда саясатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

**Назарларыңызға рахмет!**